

**Ақмола облысы білім бөлімінің Степногорск қ. Мен
өңірлеріндегі білім мекемелерінің басшыларымен
өткізілген аппараттық кеңесінің
КҮН ТӘРТІБІ**

2026 жылғы

«13» қаңтар сағ. 17.30

1. Степногорск қ. Прокуратурасының «Жас қорғаушы» жобасы бойынша жұмыс тобының құрылуы туралы. Оқушылардың қауіпсіздігі туралы.

О создании межведомственной рабочей группы по реализации проекта «Жас қорғаушы». Безопасность учащихся.

Баяндаушы: Оспанова Алтын Кабдрашитовна Степногорск қ. білім бөлімінің басшысы.

2. 2025-2026 оқу жылының екінші жартыжылдығының тарификациясы мен штаттық кестесі туралы.

Об утверждении тарификации и штатного расписания УО на второе полугодие в 2025-2026 учебном году.

Баяндаушы: Бекмагамбетов Азат Амангелдинович – білім бөлімінің бас маманы

3. Резонанстық сұрақтар
Резонансные вопросы.

Баяндамашы – Оспанова Алтын Кабдрашитовна Степногорск қ. білім бөлімінің басшысы.

4. Әртүрлі/Разное

**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы
бойынша білім бөлімі» ММ басшысы жанындағы
кезектен тыс (онлайн) жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

13 қаңтар 2026 жыл

Степногорск қаласы

ҚАТЫСҚАНДАР: білім бөлімі басшысы А.Оспанова, бас маман А.Бекмағамбетов, әдіскерлер Е.Уразов, А.Кемелова, Г.Баязитова, К.Рахимжанова және мектеп басшылары, С.Сейфуллин атындағы №5 КМЛ басшының м.а. Г.Джалгасов, Қ.Сатпаев атындағы №9 ЖОББМ басшының м.а. М.А. Ахметова.

Қатыспағандар: КМЛ №5 басшысы О.Искакова еңбекке уақытша жарамсыздық (больничный), А.С. Айтжанова еңбекке уақытша жарамсыздық (больничный).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жас қорғаушы» жобасын жүзеге асыру туралы.
2. 2025-2026 оқу жылының II жартыжылдығына тарифтік мөлшерлемені бекіту туралы.
3. Әртүрлі сұрақтар.

ТЫНДАЛДЫ:

1-ші сұрақ бойынша: білім бөлімі басшысы А.Оспанова Степногорск қаласы прокуратурасынан 2026 жылғы 12 қаңтарда №4-0202-26-00001 келген Өкіммен таныстырып, білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты алдын алу, кәмелетке толмаған балаларға қатысты жасалатын күш көрсету, жыныстық қарым-қатынасқа күштеп түсіру, ұрып-соғу сияқты қылмыстың алдын алу мақсатында бірлескен мобильді топ құру және оның жұмысын жүйелі жүргізу туралы кеерктігін айтты. Сонымен қатар мектеп оқушылары мен қызметкерлердің өмір қауіпсіздігінің алдыңғы орында екеніндігін баса назарда ұстау керек екендігін айтты. Білім алушылардың оқу сабақтар, сабақтан тыс кезіндегі Қауіпсіздігін, құқық бұзушылығын алдын алу отырыстарын жүйелі жүргізу тапсырылды. Білім беру ұйымдарында оқушылардың әлеуметтік, отбасылық жағдайын (өгей әкемен, шешемен тұратын балалар) күн сайын қадалап, бақылап, назарда ұстау қажет.

1-ші сұрақ бойынша ШЕШІМ:

- Білім бөлімі басшысы А.Оспанованың баяндамасында көтерілген сұрақтар назарға алынсын.

- «Жас қорғаушы» жобасын жүзеге асыру мақсатында білім беру ұйымдарында оқушылармен жүргізілетін Қауіпсіздік, құқықтық сабақтармен, іс-шараларға қалалық прокуратура өкілдерін жүйелі қатыстыру тапсырылды.
- Білім беру ұйымы басшылары оқушылармен жасалатын құқық бұзушылықтар мен, оқушыларға қатысты көрсетілетін күш көрсету мен қылмыстық істерді алдын ала анықтап, алдын алу шараларын жүйелі жүргізсін.
- Білім бөлімі мамандарымен, әдіскерлерінен құрылған жұмыс тобы Степногорск қаласы білім бөліміне қарасты мектептерде ішкі тәртіп ережесінің сақталуы мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты алдын алу жұмысының жүргізілуіне ішкі мониторинг жүргізсін.
- Білім беру ұйымдарындағы оқушылардың отбасылық, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы туралы ақпаратты ай сайын жаңартып отыру тапсырылсын. **Жауапты білім бөлімі әдіскері Г.Баязитова және мектеп басшылары.**

ТЫНДАЛДЫ:

2-ші сұрақ бойынша: білім бөлімі бас маманы А.Бекмагамбетов 2025-2026 оқу жылының II жартыжылдығына тарифтік мөлшерлемені бекіту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға есеп бере отырып, тарифтік мөлшерлемеде мектеп басшыларының орынбасарларының штаттық бірлігінің бірнеше (0,5; 0,25 бірлікке) бөлікке бөлінетінін және іс жүзінде олардың лауазымдық міндеттерінің дұрыс айқындалмайтындығын атап өтті. Сонымен қатар барлық штаттық бірліктер «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы негізінде жүргізілу қажет екендігін атап өтті.

СӨЙЛЕДІ:

2-ші сұрақ бойынша білім бөлімі басшысы А.Оспанова ваканттық бос орынды жабу алдымен Заңнамаға сәйкес конкурс жариялап, нәтижесінде ешкім болмаған жағдайда ғана қоса атқарушыларды жұмысқа қабылдауға болатындығы туралы айта отырып, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. Қазақстан Республикасының Кодексіндегі өзгерістер мен толықтыруларға назар аударды. Заңнамаға сәйкес жұмыс уақытының қалыпты нормасын сақтау бойынша нақты мысалдар келтірді. Еңбек қатынастарын еңбек келісім шарты арқылы дұрыс рәсімдеуді тапсырды.

2-ші сұрақ бойынша ШЕШІМ:

- Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі басшысы А.Оспанова мен бас маман А.Бекмагамбетовтың баяндамасындағы мәселелер назарға алынсын.
- Білім беру ұйымы басшылары тарифтік мөлшерлемені Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес жүргізсін.
- Білім беру ұйымы басшыларына жұмыс уақытының қалыпты нормасын сақтау жауапкершілігі жүктелсін.

- Білім беру ұйымы қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары нақты, талапқа сәйкес рәсімделсін.


Жауапты білім бөлімі бас маманы А.Бекмағамбетов және мектеп басшылары.

Әртүрлі сұрақтар бойынша: білім бөлімі басшысы А.Оспанова Ақмола облысы әкімі М.Ахметжановтың қатысуымен болған жиналыс барысында білім беру ұйымдарындағы мектептердің мемлекеттік аттестатталуы мен 4,9 сынып оқушыларының МОДО тестілеу нәтижесімен таныстырып, талдау жасады. Білім беру ұйымдары басшыларына білім беру стандартының орындалуын, соның ішінде білім сапасын арттыруды тапсырды.

ШЕШІМ:

- Білім бөлімі басшысының ақпараты назарға алынсын.
- Білім бөлімі бас маманы А.Бекмағамбетовке Степногорск қаласы бойынша білім беру ұйымдарының 2025 жылғы мектептің мемлекеттік аттестация және 4,9 сынып оқушыларының МОДО нәтижесіне салыстырмалы талдау жасауды тапсырды.

Білім бөлімі басшысы

 **А.Оспанова**

Хатшы



К.Рахимжанова